Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

79. Жоспардың қалыптастырылған жобасы жыл сайын 1 қарашаға дейін Үкімет қаулыларының жобаларын енгізу үшін белгіленген тәртіппен Үкіметке ұсынылады. Бұл ретте Әділет министрлігі Жоспардың жобасына енгізілген әрбір заң жобасын әзірлеу қажеттігінің негіздемесін қамтитын анықтаманы Жоспардың жобасына қоса береді.

Жоспардың жобасы жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі.

Мемлекеттік органдар Заң жобалау жұмыстары жоспарының жобасына ұсыныстарын ағымдағы жылғы 1 тамызға дейін уақтылы бермеген жағдайда Әділет министрлігі тиісті мемлекеттік органның басшысына не оның міндетін атқарушы тұлғаға заң қызметінің басшысын жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізеді.

Жоспар жобасына ұсыныстар болмаған жағдайда тиісті мемлекеттік орган көрсетілген мерзімде Әділет министрлігіне ұсыныстардың жоғы туралы хат жолдайды.

Жоспар жобасы Үкімет Аппаратының ескертулері мен ұсыныстары бойынша қайтарылған жағдайда Ведомствоаралық комиссияның шешімі талап етілмейді.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.03.2025 № 170 қаулысымен.

80. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.03.2025 № 170 қаулысымен.

81. Жоспарда көзделген заңдардың жобаларын әзірлеу мерзімін ауыстыру, сондай-ақ заң жобаларын ағымдағы жылдың Жоспарынан алып тастау немесе оған

қосымша заңдардың жобаларын қосу туралы мәселелер Үкіметтің тиісті қаулыларын қабылдау жолымен шешіледі.

Президенттің, Премьер-Министрдің не Президент Әкімшілігінің тапсырмалары қабылданған Жоспарға заңдардың жобаларын қосуға және Жоспарда көзделген заңдардың жобаларын ұсыну мерзімдерін ауыстыруға негіз болып табылады.

Қабылданған Жоспардан заңдардың жобаларын алып тастауға:

- 1) Президенттің, Премьер-Министрдің не Президент Әкімшілігінің тапсырмалары;
- 2) Республикалық бюджет комиссиясының теріс қорытындысы;
- 3) реттеудің бір нысанасы бойынша бірнеше заң жобасын біріктіру негіз болып табылады.

Мұндай Үкімет қаулыларының жобалары заң жобасын әзірлеушінің өтінішхаты бойынша Ведомствоаралық комиссияның отырысында алдын ала қаралады. Бұл ретте өтінішхатқа Регламенттің осы тармағының екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген құжат міндетті түрде қоса беріледі.

Бұл ретте қабылданған Жоспарға заңдардың жобалары енгізілген жағдайда осы заң жобасының консультативтік құжаттары Үкіметке енгізілгенге дейін оны Ведомствоаралық комиссия мақұлдауға тиіс.

Ведомствоаралық комиссияның оң қорытындысы болған кезде әзірлеуші тиісті жобаны осы Регламентте белгіленген тәртіппен Үкімет Аппаратына енгізеді, бұл ретте жобаға түсіндірме жазбада міндетті түрде негіздеме мен осы мәселе бойынша Ведомствоаралық комиссияның шешімі көрсетіледі.

Кейіннен заңнамалық қамтамасыз етуді көздейтін Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеген кезде әзірлеуші осындай құжаттардың жобаларымен қатар Ведомствоаралық комиссияның қарауына тиісті заңдардың жобаларының консультативтік құжаттарын ұсынады.

Егер консультативтік құжатты әзірлеу басқа мемлекеттік органның құзыретіне жататын болса, онда ол кейіннен заңнамалық қамтамасыз етуді көздейтін Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, тұжырымдамаларды, Үкіметтің іс-шараларын әзірлеушінің сұрау салуы бойынша тиісті консультативтік құжатты ұсынады.

Ұлттық жобаларға және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өзге де құжаттарына қоғамдық қатынастарды заңнамалық реттеудің жаңа тетіктерін енгізу Жоспарға өзгерістер және толықтырулар енгізумен бірге жүргізілуге тиіс.

Жоспарда көзделген заңдардың жобалары мемлекеттік органның бастамасы бойынша алып тасталған не мерзімдері ауыстырылған жағдайда Премьер-Министрдің атына Үкімет Аппараты Басшысының ұсынысы негізінде мемлекеттік органның бірінші басшысының заң жобасын әзірлеуге тікелей жауапты орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлғаның жауапкершілігі мәселесі қаралады.

Ескерту. 81-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.03.2025 № 170 қаулысымен.

82. Премьер-Министрдің немесе Үкімет Аппаратының атына Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының жоспарында көзделмеген заң жобасын әзірлеу туралы ұсыныспен жүгінген кезде заң жобасын әзірлеуші алдын ала консультативтік құжатты әзірлейді және Ведомствоаралық комиссияның отырысында қарау үшін Әділет министрлігіне ұсынады.

Ведомствоаралық комиссияның оң шешімі болмаған жағдайда Үкімет Аппараты жоспардан тыс бастама жасалған заң жобасын әзірлеу туралы ұсынысты қарамай қайтарады.

83. Ағымдағы жоспардың орындалуын жалпы бақылауды және үйлестіруді Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Заңдардың жобаларын әзірлеушілер әр айдың 25-і күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Жоспардың орындалу барысы, басым заңдардың жобаларын, сондай-ақ Президенттің, Президент Әкімшілігінің және Премьер-Министрдің тапсырмаларынан туындайтын заңдардың жобаларын дайындау, заңдар жобаларының Үкіметте және Құрылтайда өтуі туралы осы Регламентке 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырады.

Әділет министрлігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-і күнінен кешіктірмей, Үкіметтің заң жобалау қызметінің барысын қорытындылайды және:

1) Жоспардың орындалу барысы, басым заңдардың жобаларын, сондай-ақ Президенттің, Президент Әкімшілігінің және Премьер-Министрдің тапсырмаларынан туындайтын заңдардың жобаларын дайындау туралы, заңдар жобаларының Үкіметте және Құрылтайда өтуі туралы осы Регламентке 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырады;

2) Үкімет Аппаратына заңдардың жобаларын әзірлеу мерзімдерінің ықтимал бұзылуы туралы ақпарат және заңдардың жобаларын әзірлеу мерзімінің бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

Жоспарланған заңдардың жобаларын әзірлеу мерзімдері бұзылған кезде Үкімет Аппаратының Басшысы Әділет министрлігінің ұсыныстарын ескере отырып, Премьер-Министрге заңдардың жобаларын әзірлеу мерзімінің бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

84. Заңдардың жобаларын Үкіметке және (немесе) Құрылтайға ұсынудың Жоспарда көзделген мерзімдерін ауыстырудың объективті себептері туындаған жағдайда әзірлеуші көрсетілген мерзім басталғанға дейін бір ай бұрын:

1) заңдардың жобаларын Үкіметке және (немесе) Құрылтайға ұсынудың Жоспарда көзделген енгізу мерзімдерін ауыстыру себептерін баяндап, Премьер-Министрдің атына негіздеме-хат;

2) белгіленген тәртіппен келісілген Үкімет қаулысының жобасын;

3) Жоспарда көрсетілген заң жобасын әзірлеу және енгізу үшін жауапты саяси лауазымды тұлғаны тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы орталық мемлекеттік орган басшысының ұсынысын жолдайды.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

85. Заң жобасын Үкіметке және (немесе) Құрылтайға енгізу мерзімдерін ауыстыруды Премьер-Министрмен келісу мәселесін әзірлеуші мемлекеттік органның ұсынысы бойынша Премьер-Министрдің орынбасарлары немесе Үкімет Аппаратының Басшысы қамтамасыз етеді.

Заң жобасын Үкіметке және (немесе) Құрылтайға ұсынудың Жоспарда көзделген мерзімдерін ауыстыру туралы мәселеге қайтадан бастама жасалған кезде әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысының жауапкершілігі туралы мәселе қаралады.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

86. Заңдар жобаларының уақтылы әзірленуі мен ұсынылуын жалпы үйлестіруді және бақылауды мемлекеттік органдардың аппарат басшылары жүзеге асырады.

Заңдар жобаларының сапасы, уақтылы әзірленуі мен ұсынылуы үшін Жоспарда көрсетілген лауазымды адамдар және заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдардың бірінші басшылары дербес жауапты болады.

Заң жобаларын әзірлеу және келісу рәсімдерінің сақталуына жобаға тікелей жауапты мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының орынбасарлары не аппарат басшылары дербес жауапты болады.

Ескерту. 86-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.10.2024 № 822 қаулысымен.

86-1. Президенттің және Премьер-Министрдің заңнамалық түзетулерді қабылдау қажеттігі туралы тапсырмалары бойынша тиісті тапсырма түскен күннен бастап екі апта мерзімде жауапты мемлекеттік орган осы тармақта белгіленген тәртіппен орындау процесінің және оның кезеңдерінің пайымын тұжырымдайды.

Жауапты мемлекеттік орган тиісті тапсырма түскен күннен бастап бір апта мерзімде жетекшілік ететін мемлекеттік саяси қызметші деңгейінде мынадай орындау тетіктерінің бірін айқындайды:

1) заңның жаңа жобасын әзірлеу;

2) Үкімет бастама жасаған, әзірлеу немесе мемлекеттік органдармен келісу сатысында тұрған (Үкімет Аппаратына енгізілгенге дейін) заң жобасына заңнамалық түзетулер енгізу;

3) Құрылтайдың қарауындағы заң жобасына заңнамалық түзетулер енгізу (заңнамалық түзетулерді дереу енгізу қажет болған жағдайда).

Бұл ретте осы тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген тәсілді іске асыру осы Регламенттің 124-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ұсынылып отырған тетікке байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген заң шығару процесінің нақты рәсімдері де оларды іске асыру мерзімдері нақты регламенттеліп айқындалады.

Жауапты мемлекеттік орган тұжырымдаған тәсілдер тиісті негіздемелерімен бірге Әділет министрлігіне келісуге жіберіледі.

Әділет министрлігімен келісу тәсілдер түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қамтамасыз етіледі.

Әділет министрлігімен келісілген тәсілдерді жауапты мемлекеттік орган көрсетілген тәсілдерді қолдану себептерін міндетті түрде негіздеп, осы Регламентке 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Үкімет Аппараты Басшысының атына енгізеді.

Енгізілген тәсілдермен келіскен жағдайда Үкімет Аппараты Басшысының қарарымен оларды іске асыру мерзімі айқындалады.

Ескерту. 4-тарау 86-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 28.07.2025 № 568 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2025 № 1182; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2-параграф. Заңдардың жобаларын дайындау, ресімдеу, келісу, олар бойынша дауыс беру

87. Заңдардың жобаларын дайындау, ресімдеу, келісу, олар бойынша дауыс беру, сондай-ақ олар бойынша келіспеушіліктерді қарау тәртібі "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Құрылтайдың регламентінде және осы Регламентте көзделген ерекшеліктермен Үкімет қаулыларының жобаларын енгізу үшін белгіленген тәртіпке ұқсас.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

88. Халықаралық шарттарды ратификациялау мен олардың күшін жою және оларға қосылу туралы заңдардың жобаларын әзірлеу және енгізу "Халықаралық шарттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Құрылтайдың қарауына Үкімет енгізетін халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заңдардың жобаларына "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілген халықаралық шарттардың ғылыми сараптамасының нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды қоса беріледі.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

89. Егер заңның қолданылуын қамтамасыз ету үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт қабылдау қажет болса, заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органдардың қарауына заң жобасын іске асыру үшін қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын бір мезгілде енгізеді.

90. Мемлекеттік органдарға қабылдау жоспарланған заң нормаларын іске асыру үшін қабылдануға тиіс заңға тәуелді құқықтық актілердің жобалары немесе заңға тәуелді құқықтық актілердің жобаларын қабылдау қажеттігінің жоқ екені туралы негіздемесі жоқ заңдардың жобаларын Үкімет Аппаратына және басқа да мемлекеттік органдарға келісуге енгізуге тыйым салынады.

3-параграф. Заңдардың жобаларын Үкімет Аппаратына енгізу

91. Жоспар негізінде әзірлеушілер заңдардың жобаларын Жоспарда айқындалған айдың 1-і (бірі) күнінен кешіктірмей осы заңдардың жобаларын Құрылтайға енгізу туралы Үкімет қаулыларының жобаларымен бірге Үкімет Аппаратына енгізеді.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

92. Заңдардың жобаларын Үкімет Аппаратына енгізу тәртібі "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Құрылтайдың регламентінде және осы Регламентте көзделген ерекшеліктермен Үкімет қаулыларының жобаларын енгізу үшін белгіленген тәртіпке ұқсас.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

93. Үкімет Аппаратына заң жобасы бойынша енгізілетін материалдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалған:

1) ілеспе хат (бұл ретте тиісті заң жобасы туралы Үкімет қаулысының әрбір жобасы жеке ілеспе хатпен енгізіледі);

2) заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары әр парағын дәйектеген заң жобасы (оның ішінде электрондық жеткізгіштерде) және осы заң жобасын (заңдардың жобаларын) Құрылтайға енгізу туралы Үкімет қаулысының жобасы;

3) Үкімет қаулысының жобасына осы Регламентке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындалған түсіндірме жазба;

4) заң жобасының мақсаттары, міндеттері және негізгі ережелері толық сипатталған, жобаны қабылдау қажеттігі негізделген заң жобасына түсіндірме жазбаның жобасы;

5) қолданыстағы заңдарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасына осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесімен баптардың қолданыстағы және ұсынылатын редакцияларының салыстырма кестесі;

6) заң жобасын (заңдардың жобаларын) мүдделі мемлекеттік органдармен келісу парағы (парақтары);

7) ескертулер болған жағдайда – ескертулер бойынша келісуші мемлекеттік органдардың және заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның осы Регламентке 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді негіздемелері;

8) реттеушілік саясаттың мақұлданған консультативтік құжаты;

9) заң жобасын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Интернет желісінде талқылау және қоғамдық пікірді ескеру нәтижелері туралы әр парағын заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары дәйектеген анықтама.

Заң жобасы Үкіметтің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген жағдайда анықтамаға ақпараттық сүйемелдеу, түсіндіру бағдарламасы мен консультативтік құжатты және заң жобасын жария талқылаудың қорытындылары бойынша есептер қоса беріледі;

10) егер заң жобасын іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың түсімдерінің қысқаруына немесе шығыстарының ұлғаюына, халықаралық көздерден гранттарды, қарыздарды тартуға немесе демеушілікке әкелетін болса, қаржы-экономикалық есеп-қисаптар;

11) республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың кірістерінің қысқаруын немесе шығыстарының ұлғаюын көздейтін заңдардың жобаларына қатысты Республикалық бюджет комиссиясының оң шешімінің көшірмесі;

12) қабылданатын заңның қолданылуының ықтимал экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, экологиялық салдарының болжамдары.

Қабылданатын заңның қолданылуының әлеуметтік және экономикалық салдарын бағалау мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін қабылданатын заңдар жобаларының қолданылуының әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес ресімделеді;

13) заң жобасы реттейтін құқықтық қатынастарға қарай ғылыми (құқықтық, экономикалық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және басқа) сараптаманың нәтижесі бойынша қорытындылар.

Бұл ретте заң жобасы Үкімет Аппаратының және Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде пысықталғаннан кейін заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік орган ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді.

Ғылыми сараптаманың қорытындысымен келіспеген жағдайда заң жобасын әзірлеуші тиісті қорытындымен келіспеу себептерінің сараптама ұйымына жіберілген жазбаша дәлелді негіздемелерін қоса беруге тиіс;

14) егер жоба жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын болса, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және сараптамалық кеңестері мүшелерінің сараптамалық қорытындылары.

Заң жобасы бойынша сараптамалық қорытындыларда қамтылған ұсынымдар қабылданбаған жағдайда әзірлеуші анықтама паракта қабылдамау себептерінің дәлелді негіздемесін келтіруге тиіс;

15) "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында мемлекеттік органда қоғамдық кеңес құру көзделмеген жағдайларды қоспағанда, заң жобасы азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты болса, заң жобасын қоғамдық кеңестермен талқылау ұсынымдары;

16) осы Регламентке 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама парак;

17) тиісті заңның қабылдануына байланысты өзгертілуге немесе күші жойылды деп танылуға жататын заңдардың тізбесі;

18) Үкіметтің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген заң жобасының қолданылуын қамтамасыз ету үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт қабылдау қажет болса (егер мұндай қажеттілік болмаса, онда бұл заң жобасына түсіндірме жазбада көрсетіледі), оны іске асыру үшін қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобалары;

19) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген жағдайларда реттеушілік әсерді талдау нәтижелері;

20) осы Регламентке 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң жобасын Құрылтайда сүйемелдеуге жауапты тұлғалардың дербес құрамының тізбесі қамтылуға тиіс.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінің 8) және 13) тармақшаларында белгіленген талаптар оңайлатылған тәртіппен әзірленетін заң жобаларына қолданылмайды.

Ескерту. 93-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

94. Республикалық бюджет туралы заң жобасын Құрылтайға енгізу туралы қаулы жобасына осы Регламенттің 93-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 74-бабында көзделген құжаттар мен материалдар қосымша ұсынылады.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

95. Президент басым деп айқындаған заңдардың жобаларын (бұдан әрі – басым заңдардың жобалары) әзірлеушілер Үкімет Аппаратына келісілген заңдардың жобаларын заң жобасы басым деп айқындалған күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей енгізуге тиіс. Бұл ретте басым заңдардың жобаларын мемлекеттік органдардың келісу мерзімі олар түскен күнінен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннен аспауға тиіс.

96. Әділет министрлігі мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде басым деп айқындау болжанатын заңдар жобаларының тізбесі бойынша ұсыныстарды Үкімет Аппаратына жыл сайын 1 тамызға қарай енгізеді.

97. Осы Регламентте көзделген негіздемелер бойынша заңдардың жобаларын Үкімет Аппараты заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органға пысықтауға, оның ішінде қажет болған кезде қосымша ғылыми сараптама жүргізу үшін қайтаруы мүмкін.

4-параграф. Дағдарыс жағдайларына жедел ден қою мақсатында заңдардың жобаларын және заң күші бар Үкімет қаулыларының жобаларын Үкімет Аппаратына енгізу

98. Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабы 4-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда халықтың өмірі мен денсаулығына, елдің конституциялық құрылысына, қоғамдық тәртібін қорғауға, экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында уәкілетті мемлекеттік орган Құрылтайдың дереу қарауы үшін заң жобасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар тиісті уақытша қаулысын әзірлеу мәселесіне бастама жасауға құқылы.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

99. Осы Регламенттің 98-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу туралы мәселеге бастама жасау үшін уәкілетті мемлекеттік орган Премьер-Министрдің атына негіздемелер, сондай-ақ Үкімет жедел заңнамалық шаралар қабылдамаған жағдайда орын алуы ықтимал дағдарыстық ахуалды, өзекті сын-қатерлерді, форс-мажорлық мән-жайлар мен нақты залалдың ауқымын және қолданылатын шаралардың мөлшерлестігін растайтын деректер баяндалған хат енгізеді.

100. Осы Регламенттің 98-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу қажеттігі туралы шешім қабылдау Премьер-Министрдің қарары бойынша жүргізіледі.

Үкімет Аппаратының тиісті қарарды дайындау мерзімі күнтізбелік 2 (екі) күннен аспауға тиіс.

101. Уәкілетті мемлекеттік органның дағдарыстық жағдайға дереу заңнамалық реттеу шаралары арқылы жедел ден қою қажеттігі туралы бастамасын келісу туралы Премьер-Министрдің қарарын алған жағдайда әзірлеуші Премьер-Министрдің қарарын алған күннен бастап күнтізбелік 21 (жиырма бір) күннен кешіктірмей Үкімет Аппаратына нормативтік құқықтық актілердің келісілген жобаларын енгізуге тиіс. Бұл ретте мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілердің мұндай жобаларын келісу мерзімі олар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен аспауға тиіс.

102. 4-тараудың 3-параграфының ережелері осы Регламенттің 4-тарауының 4-параграфына қайшы келмейтін бөлігінде осы Регламенттің 98-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобаларын енгізу тәртібіне қолданылады.

103. Осы Регламенттің 98-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Үкімет Аппараты күнтізбелік 2 (екі) күннен аспайтын мерзімде Президент Әкімшілігіне келісуге енгізуге тиіс.

104. Осы Регламенттің 98-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобалары Президент Әкімшілігімен келісілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен аспайтын мерзімде кейіннен дауыс беру үшін Үкімет отырысына не Үкімет мүшелерінің сырттай дауыс беруіне шығарылады.

Заң жобасын Құрылтайдың дереу қарауы үшін енгізу күнтізбелік 2 (екі) күннен аспайтын мерзімде қамтамасыз етіледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар тиісті уақытша қаулысын қабылдау және көрсетілген жобаларды іске асыру үшін дайындалған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді бекіту, Үкімет мүшелерінің отырысы не сырттай дауыс беруі өткізілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-параграф. Заң, Үкімет қорытындылары мен Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары жобаларының таныстырылымын жүргізу тәртібі

Ескерту. 5-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.02.2024 № 85 қаулысымен.

105. Заң, Үкімет қорытындылары мен Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары жобаларының таныстырылымы, әдетте, Үкімет отырысына дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні қалғанда жүргізіледі және жобалардың негізгі ережелерімен танысу, оларды қарастыру және талқылау, олардың жобамен реттелетін салаларда жүргізілетін мемлекеттік саясатқа сәйкестігін айқындау мақсатында, сондай-ақ оларды кейіннен Үкімет отырысына енгізу үшін жүзеге асырылады.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.02.2024 № 85 қаулысымен.

106. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының жоспарын, Президенттің Қазақстан халқына жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ Президенттің, Премьер-Министрдің, Президент Әкімшілігінің және Үкіметтің тапсырмаларын орындау үшін әзірленген заң жобалары таныстырылады.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

107. Мыналар да міндетті түрде таныстырылады:

1) Құрылтай депутаттары бастама жасаған заң жобалары бойынша Үкімет қорытындыларының жобалары;

2) Құрылтайдың қарауындағы заң жобалары бойынша Құрылтай депутаттарының түзетулеріне Үкімет қорытындыларының жобалары;

3) заң жобасын Құрылтайда қарау барысында Президент пен Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша бастама жасалатын түзетулер бойынша мемлекеттік органдардың келісілген ұстанымдары.

Әдетте, халықаралық шарттарды ратификациялау мен олардың күшін жою және оларға қосылу туралы заң жобалары бойынша таныстырылым жүргізілмейді.

Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша өзге нормативтік құқықтық және құқықтық актілер де таныстырылымға шығарылуы мүмкін.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.02.2024 № 85; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

108. Таныстырылымға жобаны әзірлеуші мемлекеттік органның басшысы мен лауазымды тұлғалары, тиісті жобаны келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың басшылары және қажет болса, жобаны әзірлеуге/келісуге қатысқан ұйымдардың өкілдері шақырылады. Әділет, Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерінің басшылары жобалардың таныстырылымына міндетті түрде қатысады.

109. Таныстырылымдар басым тәртіппен бейнеконференциялық байланыс арқылы, сондай-ақ Премьер-Министрмен не оның тапсырмасы бойынша Үкімет Аппаратының Басшысымен келісу бойынша бетпе-бет немесе аралас форматтарда өткізіледі.

110. Жобаларды әзірлеуші мемлекеттік органдар ресми электрондық пошта арқылы таныстырылым өткізу туралы тапсырманы алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жобаның таныстырылымына бастама жасаған Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшесіне мынадай материалдарды ұсынады:

1) жоба қабылданған жағдайда жобаның негізгі ережелері және болжанатын әлеуметтік-экономикалық және (немесе) құқықтық салдар жөніндегі қысқаша ақпарат, бір интервал арқылы көлемі 3 (үш) парақтан аспайтын және өлшемі 14 Times New Roman қарпімен электрондық құжат форматында (docx, xlsx, pdf);

2) жоба бойынша слайдтар (көлемі 10 (он) мегабайттан аспайтын және қаріп өлшемі 20-дан кем емес, 16:9 көрнекі ақпаратты көрсету форматына сәйкес келетін түрлі-түсті слайдтар);

3) жобаның таныстырылымына шақырылатын тұлғалар тізімі.

Бұл ретте Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшесі:

материалдардың толықтығын, дұрыстығын және сапасын тексеруді;

кейіннен таныстырылымды өткізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге уақтылы беруді қамтамасыз етеді.

Таныстырылымды өткізуге жауапты Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшесі құрылымдық бөлімшелер ұсыныстарының негізінде таныстырылымға материалдарды (күн тәртібі, жүргізу тәртібі, қатысушылардың тізімі) жинақтауды және дайындауды қамтамасыз етеді.

Таныстырылымға бастама жасаған жауапты құрылымдық бөлімше шақырылған адамдардың қатысуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.02.2024 № 85 қаулысымен.

111. Таныстырылымда Премьер-Министр, не оның тапсырмасы бойынша Премьер-Министрдің орынбасарлары, не Премьер-Министрдің міндеттерін атқаратын тұлға төрағалық етеді, олар:

1) тиісті жобалардың әзірлеушілері болып табылатын орталық атқарушы органдардың басшыларын, оның ішінде қаралып отырған жобаның қолданылуының ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдары тұрғысынан тыңдайды;

2) мүдделі мемлекеттік органдардың таныстырылып отырған жобамен байланысты құзыреттері мәселесі бойынша позициясын, оның ішінде қаралып отырған жобаның қолданылуының ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдары тұрғысынан тыңдайды;

3) мемлекеттік органдардың басшыларына тиісті тапсырмалар береді;

4) таныстырылып отырған жобалар бойынша тиісті шешімдер қабылдайды.

112. Таныстырылымның қорытындысы бойынша қабылданған шешімдер Премьер-Министр немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

6-параграф. Заңдардың жобаларын Президент Әкімшілігімен келісу, сондай-ақ заңдардың жобаларын қарау басымдығын айқындау тәртібі

113. Президент Әкімшілігімен Үкімет Құрылтайға енгізетін заңдардың жобаларын келісу "Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу қағидаларын бекіту туралы" Президенттің 2002 жылғы 17 мамырдағы № 873 Жарлығымен айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

Президент Әкімшілігімен келісілетін заңдардың жобалары бойынша оның ескертулері толық ескерілмейтін жағдайда әзірлеуші бұл туралы Үкімет Аппаратын және Президент Әкімшілігін хабардар етеді.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

114. Заңдардың жобаларын әзірлеушілер оларды Үкіметке енгізген кезде бір мезгілде нақты заң жобасын қарауды басым деп айқындау туралы ұсыныс енгізуге құқылы. Бұл ретте заң жобасына түсіндірме жазбада оны басым деп айқындау қажеттігінің негіздемесі де қамтылуға тиіс.

Үкімет өзі әзірлейтін заңдардың жобаларына қатысты Президентке нақты заң жобасын қарауды басым деп айқындау туралы ұсыныс енгізеді.

Бұл ретте Үкіметтің ұсынысына тиісті заң жобасы және заң жобасын Құрылтайдың қарауын басым деп айқындау қажеттігінің негіздемесін қамтитын және заң жобасының нақты мақсаттары мен ол шешетін міндеттерді ашатын түсіндірме жазба қоса берілуге тиіс.

Ескерту. 114-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-параграф. Заңдардың жобаларын Құрылтайға енгізу

Ескерту. 7-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

115. Үкіметтің бастамасы бойынша Құрылтайдың қарауына енгізілетін заңдар жобаларының төлнұсқаларына заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның, Әділет, Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерінің басшылары, Үкімет Аппаратының Басшысы және Премьер-Министр міндетті түрде қолбелгі қояды.

Заң жобасына Үкімет бланкісіндегі түсіндірме жазбаға Үкімет Аппаратының Басшысы қолбелгі қояды және Премьер-Министр қол қояды.

Заңдар жобаларының төлнұсқаларын Үкімет Аппараты Құрылтайға қағаз жеткізгіште және электрондық құжаттар форматында мемлекеттік және орыс тілдерінде енгізеді.

Заң жобасын Құрылтайға енгізер алдында Құрылтайда заң жобасын сүйемелдеуге жауапты тұлғалардың дербес құрамы айқындалады, бұл ретте тізбеге әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы, оның заң жобасын әзірлеуге жауапты орынбасары, заң жобасына ғылыми сараптама жүргізген сарапшылар (келісу бойынша) және басқа да мүдделі тұлғалар (келісу бойынша) міндетті түрде қосылады.

Заң жобасын сүйемелдеуді осы Регламенттің 126-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларына сәйкес лауазымды тұлғалар жүзеге асырады.

Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116. Заңдардың жобаларымен қоса Құрылтайға осы Регламенттің 93-тармағының 4), 5), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 18) және 19) тармақшаларында көрсетілген материалдар енгізіледі.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

117. Президент Әкімшілігімен келісілгеннен кейін Үкімет басым деп айқындау жоспарланған заңдардың жобаларын Құрылтайдың қарауына күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде енгізеді.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

118. Үкіметтің бастамасы бойынша Құрылтайға енгізілген заң жобасын Құрылтайдың Аппараты тіркемей Үкімет Аппаратына қайтарған жағдайда, егер тиісті тапсырмада өзгеше белгіленбесе, жоба Үкімет Аппаратына келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде заң жобасын әзірлеуші оларды ресімдеуде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

Үкімет Құрылтайға енгізген заң жобасына материалдарды толық жиынтықта ұсынбағаны үшін заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы, сондай-ақ Үкімет Аппаратының заң жобасын Құрылтайға енгізуге дайындаған тиісті құрылымдық бөлімшелері жауапты болады.

Құрылтайға Үкімет енгізген заң жобасының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтінінің теңтүпнұсқалы болмағаны үшін жауапкершілік заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысына және лингвистикалық сараптаманы жүзеге асырған ұйымға жүктеледі.

Заң жобасын ресімдеуде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін әзірлеуші осы заң жобасы бойынша тиісінше ресімделген материалдарды кейін олардың төлнұсқаларын Үкімет Аппараты Басшысының қолын қойғызып қағаз және электрондық жеткізгіштерде (электрондық құжаттар форматында) бір мезгілде Құрылтайдың Аппаратына жіберу үшін Үкімет Аппаратына енгізеді.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8-параграф. Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заңдардың жобаларын қарау

Ескерту. 8-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

119. Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған, Үкіметке түскен, оның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың кірістерінің қысқаруын немесе шығыстарының ұлғаюын көздейтін заңдардың жобалары бойынша Үкімет Құрылтайға осы Регламентке 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде қорытынды ұсынады.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

120. Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған, Үкіметке түскен заң жобалары және оларға Үкімет қорытындыларының жобалары Ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралуға тиіс.

Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заң жобасына Үкімет қорытындысының жобасын дайындауды Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмасымен жауапты ретінде айқындалған мемлекеттік орган осы Регламентке 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамтамасыз етеді.

Бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар, егер тапсырмада өзге, анағұрлым қысқа мерзім белгіленбесе, тапсырма түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Үкімет қорытындысының жобасын дайындағанда ескеру үшін жауапты мемлекеттік органға Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заң жобасы бойынша өз ұстанымын ұсынуға міндетті.

Жауапты мемлекеттік орган, егер тапсырмада өзге, анағұрлым қысқа мерзім белгіленбесе, тапсырма түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Үкімет қорытындысының жобасын Ведомствоаралық комиссия мүшелеріне тарату үшін Әділет министрлігіне ұсынады, сондай-ақ Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерімен бірлесіп Ведомствоаралық комиссияның қарауына республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың түсімдерінің қысқару немесе шығыстарының ұлғаю ықтималдығы бөлігінде алдын ала қаржы-экономикалық есеп-қисаптарды енгізеді.

Ведомствоаралық комиссия депутаттар бастама жасаған заң жобасын оң не өзге бағалау жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды.

Ведомствоаралық комиссияның ұсыныстарын ескере отырып, мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі Үкімет қорытындысының жобасы түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде бірінші басшылардың немесе олар уәкілеттік берген лауазымды тұлғалардың қолы қойылған хаттарды ұсыну арқылы міндетті түрде мүдделі мемлекеттік органдармен, сондай-ақ Әділет, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерімен келісіледі.

Үкімет қорытындысының жобасы мемлекеттік органда келісуде болғанына 3 (үш) жұмыс күнінен асқан және ол бойынша жауап ұсынылмаған жағдайда мұндай жоба әдепкі қалпы бойынша "келісілді" деп саналады. Бұл ретте жинақтауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган өзінің ілеспе хатында ұсынылған ақпараттың мемлекеттік органмен "әдепкі қалпы бойынша" келісілгені туралы міндетті түрде көрсетеді.

Үкімет қорытындысының жобасында республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың түсімдерінің қысқаруын немесе шығыстарының ұлғаюын көздейтін нормалар туралы мәліметтер, осындай нормалар бойынша Республикалық бюджет комиссиясының қорытындысы, заң жобасында ұсынылатын нормалардың Конституцияға, қолданыстағы заңдарға сәйкестігі, оларды қабылдаудың орындылығы, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе реттеуді қатандатуды жүзеге асыруды

көздейтін нормалар, ықтимал теріс әлеуметтік-экономикалық салдар, іске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт қабылдау талап етілетін нормалар туралы мәліметтер қамтылады.

Реттеушілік әсерге талдау жүргізу қажеттігі анықталған жағдайда Үкімет қорытындысының жобасында реттеушілік әсерді талдау нәтижелері бойынша тиісті нормаларға қатысты Үкіметтің қосымша қорытындысын ұсыну туралы көрсетіледі.

Бұл ретте реттегіш құралды талдауды мемлекеттік басқарудың реттегіш құралды, онымен байланысты талаптарды енгізу немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатандатуды жүзеге асыру көзделетін саласында немесе аясында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган Үкімет қорытындысының жобасы Үкімет отырысында мақұлданған күннен бастап екі ай ішінде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.

Үкіметтің қосымша қорытындысының жобасы осы тармақта белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдармен келісіліп, Ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімі алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Үкімет Аппаратына енгізіледі.

Үкіметтің қосымша қорытындысының жобасына Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімінің электрондық құжат нысанындағы көшірмесі қоса беріледі.

Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заңдардың жобаларына осы Регламентке сәйкес дайындалған Үкімет қорытындыларының жобаларын Үкімет Аппаратына енгізген кезде әзірлеуші оларға Ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімінің көшірмесін, мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ Әділет, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерінің мемлекеттік органның бірінші басшысы не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлға қол қойған хаттарының көшірмелерін электрондық құжат нысанында қоса береді.

Қажет болған кезде әзірлеуші Үкімет қорытындысының жобасына республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың түсімдерінің қысқару немесе шығыстарының ұлғаю ықтималдығы бөлігінде қаржы-экономикалық есеп-қисаптарды қоса береді.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2025 № 1182; 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

121. Үкімет қорытындысының жобасы Үкімет Аппаратына, егер Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмасында анағұрлым қысқа өзге мерзім белгіленбесе, Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заң жобасы Үкімет Аппаратында тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен кешіктірмей мемлекеттік тілде және орыс тілінде электрондық құжат форматында енгізіледі.

Үкімет Аппаратының Басшысы қол қойған Үкімет қорытындысының жобасы Президент Әкімшілігіне келісуге жіберіледі.

Егер Үкімет қорытындысының жобасымен қолдау көрсетілетін заң жобасын іске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қажет болса, уәкілетті мемлекеттік органдар олардың алдын ала жобаларын әзірлеуге дереу кіріседі.

Үкімет қорытындысының жобасы Президент Әкімшілігімен келісілгеннен кейін ол міндетті түрде таныстырылуға және Үкімет мүшелері дауыс беруге тиіс.

Үкімет отырысында дауыс берілген Үкімет қорытындысының жобасы Премьер-Министрдің қол қоюына 1 (бір) жұмыс күні ішінде енгізіледі.

Үкімет отырысында қорытынды жобасы мақұлданған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жауапты мемлекеттік орган заң жобасын іске асыру үшін қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің алдын ала жобаларын бірінші басшының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның қолы қойылған хатпен заң жобасына бастама жасаған Құрылтай депутаттарына немесе Қазақстан Халық Кеңесіне, Үкімет Аппаратына және Әділет министрлігіне танысу үшін жібереді.

Егер заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу басқа мемлекеттік органның құзыретіне жататын болса, онда осы мемлекеттік орган тиісті жобаны жауапты мемлекеттік органға Үкімет отырысында қорытынды жобасы мақұлданған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) жұмыс күн ішінде ұсынады.

Осы тармақтың талаптары реттеушілік әсерді талдау нәтижелері бойынша Үкіметтің қосымша қорытындысының жобаларына да қолданылады.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.07.2025 № 568; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2025 № 1182; 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

9-параграф. Заңдар жобаларының Құрылтайда өту тәртібі

Ескерту. 9-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

122. Заңдардың жобаларын Құрылтайда қарау барысында уәкілетті тұлғаларға Премьер-Министрмен алдын ала келіспей заң жобасының консультативтік құжатына немесе оның құқықтық мазмұнын өзгертуге байланысты, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуге немесе реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруға байланысты (заңдық техникаға қатысты түзетулерді қоспағанда), сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттің және (немесе) Ұлттық қордың түсімдерінің қысқаруын немесе шығыстарының ұлғаюын көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұсыныстарды ауызша немесе жазбаша нысанда енгізуге немесе келісім білдіруге тыйым салынады.

Бұл ретте Құрылтайда тиісті заңдардың жобаларын ұсынатын мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Үкіметтің бірыңғай ұстанымын тұжырымдау туралы ұсыныспен дереу Премьер-Министрге жүгінуге міндетті. Премьер-Министрдің қарарымен мемлекеттік органдарға Үкіметтің бірыңғай ұстанымын тұжырымдау туралы тапсырма беріледі.

Үкімет тұжырымдаған бірыңғай ұстанымды заңдардың жобаларын Құрылтайдың қарауы барысында қатысатын уәкілетті мемлекеттік органдар мүлтіксіз сақтауға тиіс.

Көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды Премьер-Министрмен келіспей енгізуге келіскені үшін жауапкершілік Құрылтайда тиісті заңдардың жобаларын ұсынатын мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына, сондай-ақ бірінші басшылардың осы заң жобасы үшін тікелей жауапты орынбасарларына жүктеледі.

Көрсетілген тәртіпті бұза отырып білдірілген келісімнің заңдық күші жоқ және ол Үкіметтің ұстанымы болып табылмайды.

Құрылтай депутаттары Премьер-Министрмен келісілмеген, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды дауысқа салуға шығарған жағдайда заңдардың жобаларын ұсынатын тұлғалар өздерінің қарсылығын отырыс стенограммасында тіркеуді талап етуге және осы өзгерістер немесе толықтырулар туралы Үкімет Аппаратын дереу хабардар етуге міндетті.

Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі Регламенттің осы тармағы талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады және заңдардың жобаларына жоғарыда аталған түзетулерді Премьер-Министрдің рұқсатынсыз енгізуге уәкілетті тұлғалардың келісу фактілеріне жол бермеуге бағытталған шараларды қабылдайды.

Регламенттің осы тармағында белгіленген талаптар бұзылған жағдайда Үкімет Аппаратының жауапты құрылымдық бөлімшесі бұл туралы Премьер-Министрді және Үкімет Аппаратының Басшысын хабардар етеді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тиісті лауазымды тұлғаларын жазалау туралы ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

123. Үкімет бастама жасаған заңдар жобаларының нормаларын оларды Құрылтайда қарау кезінде қатысатын уәкілетті мемлекеттік органдар қатаң сақтауға тиіс.

Құрылтай отырыстарына қатысу барысында уәкілетті мемлекеттік органдарға кейіннен депутаттардың Үкімет бастама жасаған заңдардың жобаларына түзетулер түрінде (заңдық техникаға қатысты түзетулерді қоспағанда) бастама жасауы үшін олардың қарауына жазбаша немесе ауызша нысанда:

1) бұрын қаралған және жобаларды әзірлеу сатысында Үкімет қолдамаған;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен кәсіпкерлік субъектілерінің сараптамалық кеңестерінің ұстанымы жоқ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүддесін қозғайтын ұсыныстар енгізуге тыйым салынады.

Мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының Үкімет бастама жасаған заңдар жобаларының нормалары мен оларды қарау тәртібіне қатысты Құрылтай мен оның комитеттері басшылығының атына өз бастамасы бойынша хат жіберуіне тыйым салынады.

Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі Регламенттің осы тармағы талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады және белгіленген талаптар бұзылған жағдайда бұл туралы Премьер-Министрді және Үкімет Аппаратының Басшысын хабардар етеді, сондай-ақ осындай фактілер туралы ақпаратты ұдайы қорытындылап тұрады және мемлекеттік органдардың тиісті лауазымды тұлғаларын жазалау туралы ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

124. Осы Регламенттің 86-1-тармағына немесе Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2022 жылғы 1 маусымдағы № 22-01-38.16 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында (ұйымдарында) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құжаттарымен жұмыс істеу және олардың Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне құжаттар жіберу қағидаларының 23-2-тармағына сәйкес келісілген тәсіл болған кезде Президенттің және Премьер-Министрдің заңдарға дереу өзгерістер енгізуді талап ететін тапсырмаларын орындау үшін жауапты мемлекеттік орган заң жобасына тиісті түзетулерді әзірлейді және оларды Үкіметтің келісілген ұстанымын келісу және тұжырымдау үшін Әділет, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктеріне және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға салыстырма кесте түрінде жібереді.

Егер ұсынылып отырған түзетулерді іске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қажет болса, олардың алдын ала жобалары қоса беріледі.

Келісуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және кәсіпкерлік субъектілерінің сараптамалық кеңестерінің мүшелері жауапты мемлекеттік органға заң жобасына енгізілетін түзетулерге өз ұсыныстарын немесе қарсылықтарын, егер тапсырмада өзге мерзім көрсетілмесе, олар келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жібереді.

Қажет болған кезде жауапты мемлекеттік орган немесе өзге мүдделі мемлекеттік орган тиісті өзгерістер мен толықтыруларды Республикалық бюджет комиссиясының не Үкімет жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қарауына өзі жібереді.

